

«Өңдеу өндірістерінің технологиясы» мамандығы бойынша өзгешелік сипатамасы

5B072800 – «Өңдеу өндірістерінің технологиясы» мамандығы бойынша бітірген түлекке технология бакалавры академиялық дәрежесі беріледі.

1. Кәсіби қызметінің саласы

Бакалаврдың кәсіби қызметінің салалары болып өңдеу өндірістерінің барлық дайындау және технологиялық процесстерді жасауды қамтамасыз ету салалары, өңдеу өнімдерін өндіру өндірістері, жобалау-конструкторлық және ғылыми-зерттеу ұйымдары және әртүрлі меншіктегі кәсіпорындары болып табылады.

2. Кәсіби қызметінің объектілері

Бітірушілердің кәсіптік қызмет ету объектілері: элеватор, ұн, жарма, құрама жем зауыттары, нан, макарон және кондитер фабрикалары болып табылады.

3. Кәсіби қызметінің пәні

5B072800 – «Өңдеу өндірістерінің технологиясы» мамандығы бойынша бітірушілердің кәсіптік қызмет заттары болып: дәнді және жарма дақылдары, ұн, жарма, нан, нан өнімдері, сонымен қатар астықты дайындап және сақтаудың, ұн, жарма, құрама жем зауыттарының кәсіпорындарының технологиялық жабдықтары болып табылады.

4. Кәсіби қызметінің түрлері

5B072800 – «Өңдеу өндірістерінің технологиясы» мамандығы бойынша бакалаврлар мына кәсіби қызметтерді атқара алады:

- ұйымдастыру-технологиялық;
- өндірістік – басқарушылық;
- жобалау;
- ғылыми-зерттеу;
- білім беру (педагогикалық);

5. Кәсіби қызметінің функциясы

- өңдеу өндірістері кәсіпорындарындағы технологиялық үдерісті ұйымдастыру және жүргізу;
- шикізат компоненттері, технологиялық үдерістер мен дайын өнімді технокимиялық бақылау; стандарт талаптарына сай болатын бәсекелестікке қабілетті, жоғары сапалы өнімдер шығаруды қамтамасыз ету;
- еңбек ұжымдарының жұмысын ұйымдастыру және басшылық шешімдерді қабылдау;
- өндірістік санитария, өрт-жарылыс қауіпсіздігі, еңбекті қорғау, экология талаптарын еске ала отырып, мекемелердің өндірістік қызметін және техникалық жабдықты талдау;
- өндірістің техникалық-экономикалық көрсеткіштерін және маркетинг қызметін талдау.

6. Кәсіби қызметінің мазмұны

- өндірістің технологиялық жоспарын жасау;
- өндірістің технологиясын жасау;
- өнім өндірудің тиімді технологиялық сызбасын жобалау;
- өңдеу өндірістері өнімдерінің сапасын технокимиялық бақылауда жүргізу;
- техника-экономикалық есептеуді жүргізу;
- зерттеу-тәжірибелік жұмыстарды жүргізу ат салысуы керек.